



«Келісемін»

Т.Рысқұлов аудандық  
білім бөлімінің басшысы  
М.Сванов

«15» қазан 2025 ж.

«Бекітемін»

Т.Рысқұлов ауданы әкімдігі  
ішкі саясат бөлімінің «Жастар  
ресурстық орталығы» КММ  
директоры

Е.Жәдік  
«15» қазан 2025 ж.

## «Әдеби маусым» атты аудан жастары арасында жайдарман ойыны ЕРЕЖЕСІ

### I. Жалпы ережелер

1. «Әдеби маусым» атты аудан жастары арасында жайдарман ойыны «Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік жастар саясаты туралы» Заңын іске асыру мақсатында және 2025 жыл жұмысшы мамандықтарының жылына орай Т.Рысқұлов ауданы әкімдігінің ішкі саясат бөлімінің «Жастар ресурстық орталығы» КММ-нің 2025 жылғы іс-шаралар жоспарына сәйкес өткізіледі.

2. Ойынды Т.Рысқұлов ауданы әкімдігінің ішкі саясат бөлімінің «Жастар ресурстық орталығы» КММ ұйымдастырады.

### II. Ойынның мақсаттары мен міндеттері

Ойынның мақсаты – аймақта жастар саясатын жүзеге асыру, қазақтілді жайдарман қозғалысын өркендету, қазақ тілінің қолдану аясын кеңейту, жайдарман ойынының беделін арттыруға үлес қосу, жастардың бос уақытын тиімді пайдалану, бір-бірімен достық қарым-қатынасын нығайту.

Ойынның міндеттері – жастардың интеллектуалдық қабілетін арттыру, қоғамдық пікірін қалыптастырып, қоғамдағы түйткілді мәселелерді қозғауға баулу, жастардың ой-өрісі мен қабілет-дарынының жан-жақты өрістеуіне, рухани өсіп, парасатты ой мен адамгершілік көзқарастарын қалыптастыруға ықпал ету, жастар арасында қазақы қалжыңды дамыту.

### III. Ойынның шарттары мен талаптары, бағалануы

Маусымашарға жетекшісімен (*жас маман*) қатысады.

Ойын кезеңдері:

#### 1. Сәлемдесу. Тақырыбы – «Әдеби маусым»

Регламент – 7 минут.

#### Ойынның шарттары:

1. Ойынға кешікпей келу.
2. Ойынға әр мектептен 1 команда және Құлан агротехникалық жоғары колледжінің білімгерлерінен 1 команда қатыса алады.
3. Команда ойыншыларының саны 12 адамнан аспауы және командада өзге мектептің ойыншылары қатыспауы тиіс.
4. Команданың аты келесі ойындарда өзгертілмеуі керек.
5. Командалар жоғары лиганың, әзіл-ысқақ театрларының көріністерін қайталамауы, анекдот, плагиат әзілдер қолданбауы керек.
6. Ойын барысында анайы әзіл, тұрпайы іс-әрекеттер болмауы шарт.
7. Регламентті қатаң сақтау. Команда регламенттен асып кетсе, қазылар алқасы ойындарын тоқтатады.
8. Негізгі тақырыптан ауытқымау.
9. Фонограмма, әуендер міндетті түрде ноутбукта немесе ұялы телефонда жазылуы керек.
10. Команда қарсыластарына құрметпен қарауы тиіс. Ойын барысында орын алған тәртіпсіздіктер үшін команда автоматты түрде ойыннан шығарылады.
11. Команда ойында төрелік жасайтын қазылар алқасына сыйластықпен қарауы тиіс.
12. Ойын өтетін залдың мүлкіне және сахна мәдениетіне команда мүшелері және жанкүйерлері ұқыпты қарау керек (Музыкалық аппарат, микрофон т.б.).

13. Команда тәртібіне команда жетекшісі немесе капитаны жауап береді.

14. Әр команданың өз киім үлгісі болуы тиіс.

*Жоғарыда аталған талаптар орындалмаған жағдайда команда ойыннан шығарылады.*

Ойын тақырыптан ауытқымай, регламент сақтауына, команда ойыншыларының сахнада өздерін ұстай білу мәдениеті мен шеберлігіне, ширақ, астарлы әзіл, қысқаша қызықты қойылымға, сценарийінің мазмұндылығы, киім кию үлгісіне, ән мен би, мимика, сөйлеу мәнері, ой ұшқырлығы, әртістік қабілеті мен ойында қазақтың көркем тілімен сөйлеуіне, тіл тазалығын сақтауына, команданың өзіндік стилі мен жастар «жаңалығына», ойын сапасына қарай бағаланады.

#### **IV. Ойынның өтетін орны мен мерзімі, қорытындысы**

Ойын 2025 жылдың 5 ақпан күні сағат 10.00-де Қарақыстақ мәдениет үйінде өткізіледі.

Жарысқа қатысу үшін өтініштер 2025 жылдың 3 ақпан күні дейін мына мекен-жай бойынша қабылданады: Құлан ауылы, Жібек жолы №106, «Жастар ресурстық орталығы» КММ, немесе [jro\\_gyskulov@mail.ru](mailto:jro_gyskulov@mail.ru) электронды мекен жайында қабылданады (Өзгерістер қосымша хабарланады).

Ойын қорытындысы бойынша қазылар алқасының шешіміне сәйкес, командалар келесі турға жолдама алады.

*Анықтама телефоны: 8 777 382 00 01 Руслан  
8 708 583 18 19 Нартай*